

"Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 574 қаулысын іске асыру туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 25 шілдедегі № 253 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 тамызда № 2763 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 12 маусымдағы № 168 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 12.06.2015 № 168 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес «Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 574 қаулысына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. М ы н а л а р :

субсидияланатын тыңайтқыштар түрлері және субсидиялар нормалары:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес отандық өндірушілер өткізген тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограмына);

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес тыңайтқыштар берушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограмына) белгіленсін.

2. «Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Облыс әкімінің міндетін атқарушы Б.Оспанов

К Е Л І С І Л Д І :

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы н ы ң м и н и с т р і

А. Мамытбеков

2014 жыл «31» 07 _____

Облыс әкімдігінің 2014 жылғы
25 шілдедегі № 253 қаулысына
1-қосымша

Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және отандық тыңайтқыш өндірушілер өткізген тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялар нормалары

Р/с №	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірліктің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке арналған субсидиялар нормалары, теңге
1	Аммиак селитрасы (N-34,4%)	тонна	48	27 744
2	Аммофос (N-10%; P ₂ O ₅ -46%)	тонна	48	43 200
3	Қарапайлық суперфосфат (P ₂ O ₅ -19%)	тонна	48	23 520
4	Сульфоаммофос (N-18%; P ₂ O ₅ -18%; S-17%)	тонна	48	32 880
5	«В» маркалы суперфосфат (P ₂ O ₅ -15%)	тонна	48	20 429
6	«Б» маркалы «МЭРС» шағын тыңайтқышы	литр	48	5 760
7	«Биобарс» биотыңайтқышы (N-10%; P ₂ O ₅ -3,3% K ₂ O-10%; CaO-0,3%; Fe ₂ O ₃ -0,3%)	литр	48	2 400
8	Хлорлыкалий (K ₂ O-42%; KCL-65%)	тонна	48	46 080
9	Күкірт қышқылды калий (калий сульфаты) (K ₂ O-53%)	тонна	48	100 800
10	Аммонийсульфаты (N-21%)	тонна	48	19 672
11	Фосфоритті ұн (P ₂ O ₅ -17%) қапта	тонна	48	7 881
12	Азот-фосфор-калий күрделі минералды тыңайтқышы (N-16%; P ₂ O ₅ -16% K ₂ O-16%)	тонна	48	51 840
13	Азоты бар супрефос «Супрефос NS» (Ca:Mg:SO ₃)	тонна	48	43 200

Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлері және тыңайтқыш берушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялар нормалары

P/c №	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірліктің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке арналған субсидиялар нормалары, теңге
1	Карбамид (N-46,4%) (Өзбекстан Республикасы)	тонна	28	18 200
2	Карбамид (N-46,4%) (Ресей Федерациясы)	тонна	28	20 160
3	Нитроаммофоска (N-15%:P ₂ O ₅ -15%: K ₂ O -15%)	тонна	28	28 000
4	Сульфат аммония капролактамы (N-21%)	тонна	28	15 120
5	КАС (N-27-33%)	кг	28	14
6	Аммофос (N-10%- P ₂ O ₅ -46%) (Өзбекстан Республикасы)	тонна	28	20 720
7	Аммофос (N-10%- P ₂ O ₅ -46%) (Ресей Федерациясы)	тонна	28	24 360
8	Аммиак селитрасы (N-34,7%) (Өзбекстан Республикасы)	тонна	28	14 560
9	Аммиак селитрасы (N-34,7%) (Ресей Федерациясы)	тонна	28	16 184
10	Суперфосфат (P ₂ O ₅ -19%) (Өзбекстан Республикасы)	тонна	28	12 880
11	Суперфосфат (P ₂ O ₅ -19%) (Ресей Федерациясы)	тонна	28	13 720